



## ІРІКТЕУ МЕН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ТӘРТІБІ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«Торайғыров университеті» КЕАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
**БЕЛГІТІ**  
(2024 жылғы 31 мамырдағы өзгерістермен  
(№ 1 хаттама) 2024 жылғы 12 қыркүйектегі  
№ 2 шарттай шешім, 2024 жылғы 02 маусым  
өзгерістермен (№ 5 хаттама), 09.01.2026 ж.  
№1 хаттама)

### «ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ - РЕКТОРЫН ІРІКТЕУ МЕН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Павлодар

2025

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы - Ректорын іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Басқарма Төрағасы - Ректорын сайлау (тағайындау), Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау рәсімін айқындайды.

## 2. Басқарма Төрағасы-Ректорын сайлау (тағайындау) тәртібі

2.1 Басқарма Төрағасы-Ректорын сайлау (тағайындау) Қоғамның Жалғыз акционері ретінде тиісті саланың уәкілетті органының (бұдан әрі - уәкілетті орган) айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма Төрағасы-Ректорын сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

- Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- Конкурсқа қатысуға құжаттар тапсырған тұлғаларды жіберу туралы шешім қабылдау;
- Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Директорлар кеңесінің отырысында қарау;
- Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Республикалық комиссия отырысында қарау;
- Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органның Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдауы.

2.2 Басқарма төрағасы - Ректор лауазымына Конкурс өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі оны өткізу шарттарын, күнін және орнын белгілейді.

2.3 Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру 1-қосымшаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында (уәкілетті органның және Қоғамның интернет-ресурстарында) конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс

тілдерінде жарияланады (2021 жылғы 31 мамырдағы өзгерістермен, № 3 хаттама).

2.4 Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына кандидатураларды іріктеудің негізгі талаптары:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің, ғылыми атағының болғаны жөн;

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білу;

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;

5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;

6) қазақ және орыс, ағылшын (жақсырақ) тілдерін меңгеру;

7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.

Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн.

(2024 жылғы 12 қыркүйектегі өзгерістермен, №2 сырттай дауыс беру шешімі).

2.5 Конкурса осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес келетін барлық тілек білдірушілер, соның ішінде шетел азаматтары қатысады.

2.6 Конкурса қатысу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар қағаз және электрондық жеткізгіште ұсынылады:

1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Конкурса қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3x4 үлгідегі түрлі-түсті фотосуреті бар конкурса қатысушының қызметтік тізімі;

4-қосымшада көрсетілген мазмұнға қойылатын талаптарға сәйкес жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы (2024 жылғы 12 қыркүйектегі өзгерістермен, №2 сырттай дауыс беру шешімі).

4) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленген Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдік білім беру ұйымдарында алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқу бітіргені туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

б) еңбек қызметін растайтын құжаттың жұмыс орнындағы (қазіргі не соңғы) кадр қызметі куәландырған көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін берілгеніне алты ай толмаған № 086/у нысаны бойынша денсаулығының жай-күйі туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (2021 жылғы 31 мамырдағы өзгерістермен, № 3 хаттама);

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат,

11) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (2024 жылғы 12 қыркүйектегі өзгерістермен,

*№2 сырттай дауыс беру шешімі).*

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға осы Тәртіптің 2.6-тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнының даму бағдарламасын (бұдан әрі - даму бағдарламасы) уәкілетті органға осы Тәртіптің 2.3-тармағында белгіленген мерзім ішінде ұсынады.

2.7. Құжаттарды берген тұлғаларды Конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімді уәкілетті орган құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды. Уәкілетті орган Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімін барлық құжаттармен бірге Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына жібереді.

2.8. Конкурсқа қатысуға төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

2.9 Конкурсқа қатысуға жіберілген адамдардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттар ұсынған даму бағдарламалары Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында екі жұмыс күні ішінде қаралады, бұл ретте ерекше жағдайларда Комитет төрағасының шешімі бойынша материалдар 1 (бір) жұмыс күні ішінде қаралуы мүмкін. Корпоративтік хатшы Директорлар Кеңесіне Қоғамның Жарғысында белгіленген мерзімде материалдарды жібереді. Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы-ректор лауазымына кандидаттардың ұсынылған құжаттарын жеті жұмыс күні ішінде қарайды. Кандидаттың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады *(2021 жылғы 31 мамырдағы өзгерістермен, № 3 хаттама).*

2.10 Корпоративтік хатшы:

- 1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;
- 2) Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізу үшін Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

5

**ҚҰЖАТТЫ РҰҚСАТСЫЗ КӨШПРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

*Осы құжат «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды*

2-1) қатысушылардың құжаттарын Қоғамның Комплаенс-қызметіне ұсынады (2024 жылғы 19 сәуірдегі толықтыру, № 4 хаттама).

3) Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдарын қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

4) Конкурса қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференц байланыс арқылы өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыстың барысының бейне тіркеуін жүзеге асырады, бейне-жазбаны электрондық жеткізгіште сақтауды қамтамасыз етеді;

5) Telegram-арна арқылы немесе дауыс берудің құпиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді.

6) Басқарма Төрағасы – Ректор лауазымына Директорлар Кеңесі ұсынған кандидаттардың тізімін қалыптастырады және оны Республикалық комиссия отырысында қарау үшін уәкілетті органға жібереді.

2.11 Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы отырысқа қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Кандидаттың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

2.12 Басқарма төрағасы-Ректор лауазымына Конкурса қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференц байланыс режимінде (бұдан әрі – БКБ) өткізуге жол беріледі.

2.13 Директорлар кеңесі Жоғары оқу орнының даму бағдарламасын қарағаннан кейін жасырын дауыс беру арқылы және кемінде үштен екі дауыспен Республикалық комиссияның қарауы үшін кандидатураны (кандидатураларды) айқындайды.

2.13-1 Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына үміткерлерді іріктеу кезінде Директорлар кеңесі кандидаттар ұсынған Қоғамның даму бағдарламаларын қарастырады және олар:

- Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының сәйкестігі;
- Қоғам дамуының негізгі мәселелері мен перспективаларын түсінуі (өзектілігі, Қоғамның әлеуетімен, ресурстармен үйлесімділігі және оларды пайдалану тиімділігі, тәуекелдерді бағалаудың болуы, сыртқы факторларды есепке алу, индикаторлардың негізділігі мен қолжетімділігі);

- Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде Қоғамның материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі пайымы;

- Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша бағаланады (2024 жылғы 12 қыркүйектегі толықтыру, № 2 сырттай дауыс беру шешімі).

2.13-2 Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына үміткерлердің құжаттарын қараған кезде қоғамның Комплаенс-қызметі қатысады, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне үміткерлердің жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауы жөнінде қосымша ақпарат береді. Ақпарат растайтын құжаттармен қорытынды түрінде ресімделеді.

Кандидаттардың бағдарламасын, сондай-ақ олардың жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған нормаларды сақтауы жөніндегі қосымша ақпаратты (бар болса) тыңдау нәтижелері бойынша, оларды ресми теріске шығаруды нақтылай отырып, Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы - Ректоры лауазымына кандидаттарға ұсыным/ұсынымнан бас тарту туралы шешім қабылдайды (2024 жылғы 12 қыркүйектегі толықтыру, № 2 сырттай дауыс беру шешімі).

2.14 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген жағдайда, БКС режимінде дауыс беру бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

2.15 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, Директорлар кеңесі оны Республикалық комиссияның қарауына беру үшін ұсынылған кандидатуралардың тізімін қалыптастырады.

2.16 Егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екеуден аз кандидаттың құжаттары ұсынылса немесе құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспесе немесе кандидаттар ұсынылмаса, Директорлар кеңесі конкурсты өткізілмеген деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

2.17 Шешім қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасы - Ректор лауазымына ұсынылған кандидаттың сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы уәкілетті органға жіберіледі (2024 жылғы 12 қыркүйектегі толықтыру, № 2 сырттай дауыс беру шешімі).

2.17-1 Уәкілетті орган конкурсқа қатысу үшін Директорлар кеңестері ұсынған үміткерлердің материалдарының толықтығы мен дұрыстығын тексереді,

содан кейін оларды Республикалық комиссияның мүшелеріне жібереді (2024 жылғы 12 қыркүйектегі толықтыру, № 2 сырттай дауыс беру шешімі).

2.18 Республикалық комиссияның құрамын уәкілетті орган белгілейді.

2.19 Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және 30 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы басқарма төрағасы - ректор лауазымына кандидат көпшілік дауыспен айқындалады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда республикалық комиссия ректордың Басқарма Төрағасы лауазымына онлайн режимде сайлау жөніндегі конкурсты жүзеге асырады. Конкурстың нәтижелері туралы Республикалық комиссия кандидаттарға ашық дауыс беруден кейін хабарлайды.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі, өзге де тең жағдайларда, Басқарма Төрағасы – Қоғам ректоры лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

2.20 Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссия Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына кандидатты анықтамаса, онда Директорлар кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген адамдардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары уәкілетті органның кадр қызметінде сақталады.

2.21 Республикалық комиссияның шешімі Басқарма Төрағасы-Ректорын тағайындау үшін негіз болып табылады.

Басқарма Төрағасы - Ректордың кандидатурасы бойынша Республикалық комиссия қабылдаған оң шешім негізінде Жалғыз акционер ретінде уәкілетті орган Басқарма Төрағасы - Ректорын тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасады.

2.21-1 Осы Тәртіптің 2.4-тармағына сәйкес қойылатын талаптарға сәйкес болған кезде Комиссиялар шешім қабылдаған кезде қолданыста болатын саяси және мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдары тізіліміне сәйкес лауазымдары мемлекеттік саяси лауазымдарға жатқызылған жағдайда, өз өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, өз өкілеттіктерін кемінде алты ай орындаған және оларды тоқтатқан мемлекеттік саяси қызметшілері мен «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін Жалғыз

акционердің шешімімен ерекше мәртебесі жоқ Басқарма Төрағасы – Ректорын тағайындауға жол беріледі *(2024 жылғы 12 қыркүйектегі толықтыру, № 2 сырттай дауыс беру шешімі)*.

2.22 Еңбек шарты үш жыл мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма Төрағасы - Ректор лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

2.23 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін Басқарма Төрағасы - Ректор атқаратын лауазымына сәйкес келмеген жағдайда шартты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес Жалғыз акционер бұзады.

### **3. Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау**

3.1 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатады.

3.2 Жалғыз акционер Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ оның тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселелерді қарау тәртібін дербес айқындайды.

3.3 Жалғыз акционер қабылдаған оң шешім негізінде Басқарма төрағасы - Ректор Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасасады.

3.4 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесімен еңбек шарты Жалғыз акционер белгілеген мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.

3.5 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесінің атқарып отырған лауазымына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

### **4. Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасы-Ректорды және Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау тәртібі**

4.1 Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік

мерзімін анықтау және Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасы-Ректорды және Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

4.2 Басқарма мүшелерін (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

- Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- Басқарма мүшелері лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда);
- Басқарма мүшелері лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда), әңгімелесу өткізу және Директорлар кеңесінің отырысында сайлау туралы шешім қабылдау.

4.3 Директорлар кеңесі өз отырысында Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын айқындайды және Басқарма мүшелері лауазымына Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

4.4 Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) 5,6,7-қосымшаға сәйкес ресми бұқаралық ақпарат құралдарында (уәкілетті органның және қоғамның интернет-ресурстарында) конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады *(ДК 2025 жылғы 02 маусымдағы шешімімен өзгертілді, №5 хаттама)*.

4.5 Басқарма мүшелері лауазымына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) *(өзгерістер ДК 09.01.2026 ж. №1 шешімімен енгізілді)*:

**Ғылыми жұмыс және зерттеулерді коммерцияландыру жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор:**

жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы, ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесінің болуы;

білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

қазақ, орыс, шет тілдерін меңгеру (ағылшын тіліне артықшылық

беріледі);

менеджмент саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының, оның ішінде жоғары білім және ғылым саласындағы сапа менеджменті және корпоративтік басқару жүйесінің болуы;

«Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамасының болуы артықшылық болып табылады.

**Мынадай білімі, дағдылары және кәсіби құзыреттері болуы тиіс:**

**Негізгі принциптерді білу:**

білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыру, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру;

ұйымдастыру менеджменті және әкімшілендіру;

қаржылық менеджмент және бюджеттік жоспарлау;

білім мен ғылымды өндіріспен интеграциялау;

технопарктердің, бизнес-инкубаторлардың, инновациялық орталықтардың, коммерцияландыру орталықтарының және т. б. қызметін қоса алғанда, ғылыми инфрақұрылымды қалыптастыру;

**Дағдылары:**

бизнес-процестерді стратегиялық жоспарлау және цифрландыру;

фандрайзинг және инвестициялар тарту;

тиімді коммуникациялар және келіссөздер жүргізу;

менеджмент тәуекелі.

**Кәсіби құзыреттері:**

стратегиялық және аналитикалық ойлау;

трансформациялық көшбасшылық;

өзгерістерді басқару;

шығармашылық және кешенді мәселелерді шешу;

өзара тиімді серіктестік құру;

нәтижеге бағдарлау.

**Стратегиялық даму, халықаралық ынтымақтастық және цифрландыру жөніндегі басқарма мүшесі-проректор:**

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы (ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесінің болуы артықшылық болып табылады);

білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

қазақ, орыс, шет тілдерін меңгеру (ағылшын тіліне артықшылық беріледі);

менеджмент саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының, оның ішінде жоғары білім және ғылым саласындағы сапа менеджменті және корпоративтік басқару жүйесінің болуы;

"Болашақ" бағдарламасы бойынша білім алудың артықшылығы болып табылады.

**Мынадай білімі, дағдылары және кәсіби құзыреттері болуы тиіс:**

**Негізгі принциптерді білу:**

білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыру;

отандық және халықаралық рейтингтік жүйелерге қатысу;

ұйымдастыру менеджменті және әкімшілендіру;

қаржылық менеджмент және бюджеттік жоспарлау;

мемлекеттік қызметтер стандарттарын іске асыру;

заманауи цифрлық (оның ішінде білім беру) технологияларды білу;

**Дағдылар:**

бизнес-процестерді стратегиялық жоспарлау және цифрландыру;

фандрайзинг және инвестициялар тарту;

тиімді коммуникациялар және келіссөздер жүргізу, оның ішінде халықаралық (шетелдік ұйымдармен) ынтымақтастық орнату үшін;

менеджмент тәуекелі;

жоғары оқу орнының IT стратегиясын қалыптастыру және тиісті жобаларды басқару қабілеті;

кәсіптік оқытуда IT технологияларын қолдану мүмкіндіктерін түсіну.

**Кәсіби құзыреттері:**

стратегиялық және аналитикалық ойлау;

трансформациялық көшбасшылық;

өзгерістерді басқару;

шығармашылық және кешенді мәселелерді шешу;

өзара тиімді серіктестік құру;

нәтижеге бағдарлау.

**Жастар саясаты және әкімшілік қызмет жөніндегі басқарма мүшесі-проректор:**

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;

білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

қазақ, орыс тілдерін меңгеру;

ғылым кандидаты немесе докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесінің болуы артықшылық болып табылады;

тиісті салада біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болуы және менеджмент саласында қосымша білімнің болуы артықшылық болып табылады.

**Мынадай білімі, дағдылары және кәсіби құзыреттері болуы тиіс:**

**Негізгі принциптерді білу:**

білім беру қызметін ұйымдастыру;  
 ұйымдастыру менеджменті және әкімшілендіру принциптері;  
 қаржылық менеджмент және бюджеттік жоспарлау;  
 мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын іске асыру;  
 коммуналдық инфрақұрылым және объектілерді қамтамасыз ету инфрақұрылымының жұмысы.

**Дағдылар:**

бизнес-процестерді стратегиялық жоспарлау және цифрландыру;  
 фандрайзинг және инвестициялар тарту;  
 тиімді коммуникациялар және келіссөздер жүргізу;  
 менеджмент тәуекелі.

**Кәсіби құзыреттері:**

стратегиялық және аналитикалық ойлау;  
 трансформациялық көшбасшылық;  
 өзгерістерді басқару;  
 шығармашылық және кешенді мәселелерді шешу;  
 өзара тиімді серіктестік құру;  
 нәтижеге бағдарлау (*ДК 2025 жылғы 02 маусымдағы шешімімен толықтырылды, № 5 хаттама*).

4.6 Конкурсқа осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес келетін барлық тілек білдірушілер, соның ішінде шетел азаматтары қатысады.

4.7 Конкурсқа қатысу үшін Корпоративтік хатшыға қағаз және электрондық тасымалдағышта мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
  - 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3x4 үлгідегі түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
  - 4) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;
- «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленген Қазақстан

Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдік білім беру ұйымдарында алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі.

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқу бітіргені туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес денсаулық жағдайы туралы № 075/Е медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды) құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген;

7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат.

10) қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы (ДК 2025 жылғы 02 маусымдағы шешімімен толықтырылды, № 5 хаттама).

11) ғылым және жоғары білім саласында менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері.

Конкурса қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпарат бере алады.

Конкурса қатысуға үміткер тұлғалар осы Тәртіптің 4.7-тармағына сәйкес құжаттарды Корпоративтік хатшыға осы Тәртіптің 4.4-тармағында белгіленген мерзім ішінде ұсынады.

4.8 Конкурса қатысуға төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

4.9 Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды қабылдауды және дайындауды жүзеге асырады;

2-1) Қатысушылардың құжаттарын Қоғамның комплаенс-қызметіне ұсынады (ДК 2025 жылғы 02 маусымдағы шешімімен толықтырылды, № 5 хаттама).

3) Бейнеконференц байланыс арқылы (қажет болған жағдайда) Конкурса қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді, отырыс барысын бейне-тіркеуді жүзеге асырады, бейне-жазбаны электрондық тасымалдағышта сақтауды қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беруді бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен өткізуді қамтамасыз етеді.

5) Қоғамның Басқарма мүшелері (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесінен қоспағанда) лауазымына Директорлар кеңесі сайлаған кандидаттардың тізімін қалыптастырады.

4.10 Директорлар кеңесі құжаттардың осы Тәртіптің 4.5-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды және жеті жұмыс күні ішінде Басқарма мүшелері (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткерлермен әңгімелесуді жүзеге асырады.

4.10-1) Директорлар кеңесі Басқарма мүшесі лауазымына үміткерлердің құжаттарын қараған кезде (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма

мүшесін қоспағанда) Қоғамның комплаенс-қызметі қатысады, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне үміткерлердің жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауы жөнінде қосымша ақпарат береді. Ақпарат куәландыратын құжаттармен бірге қорытынды түрінде ресімделеді (ДК 2025 жылғы 02 маусымдағы шешімімен толықтырылды, № 5 хаттама).

4.11 Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы отырысқа қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Кандидаттардың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

4.12 Басқарма мүшелері лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) және олармен әңгімелесу өткізу бойынша Директорлар кеңесінің отырысын БКБ режимінде өткізуге жол беріледі.

4.13 Кандидаттың Басқарма мүшелері лауазымына үміткер тұлғалардың (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу бойынша Директорлар кеңесінің отырысына БКБ арқылы қатысу мүмкіндігі болмаған кезде әңгімелесу басқа күнге, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ауыстырылады, бұл ретте Корпоративтік хатшы кандидатты қайта әңгімелесуден бір күн бұрын хабардар етеді.

4.14 Директорлар кеңесі Басқарма мүшелері лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) және олармен әңгімелесу жүргізу нәтижелері бойынша жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма мүшесі лауазымына кандидатураны айқындайды.

Жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі, өзге де тең жағдайларда, Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты айқындау үшін басым негіз болып табылады.

4.15 Егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін Басқарма мүшесі лауазымына екіден аз кандидаттың құжаттары ұсынылса не құжаттар (конкурстық өтінімдер) келіп түспесе, кері қайтарып алынса немесе кандидаттар ұсынылмаса, Директорлар кеңесі конкурсты өткізілмеген деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, Директорлар кеңесінің оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші және

құжаттары Корпоративтік хатшыда сақталады.

4.16 Әңгімелесу қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімі туралы, бірақ 3 жылдан аспайтын (Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда) шешім қабылдайды.

4.17 Директорлар кеңесінің қабылданған оң шешімі негізінде Басқарма төрағасы - Ректор Басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

4.18 Басқарманың әрбір мүшесімен (Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесінен басқа) еңбек шарты Директорлар Кеңесі белгілеген мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма мүшесі лауазымына Конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

4.19 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін, Басқарма мүшесінің атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

**1-қосымша**

**140008, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64 мекенжайы бойынша орналасқан «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректор бос лауазымына конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің, ғылыми атағының (мүмкіндігінше) болғаны жөн;

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білу;

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;

5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;

6) қазақ және орыс, ағылшын (мүмкіндігінше) тілдерін меңгеру;

7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.

Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн.

Тұлға конкурсқа қатыса алмайды:

1) жиырма бес жастан кіші;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) белгіленген үлгі бойынша 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

4) жоғары оқу орнының даму бағдарламасы;

5) білім туралы құжаттардың және салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, оларға қосымшалардың көшірмелері:

– «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленген Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдік білім беру ұйымдарында алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі.

– «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқу бітіргені туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

– өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына түсетін білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

б) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) № 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік- консултациялық қорытынды) ;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

11) ғылым және жоғары білім саласында менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіптік қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) бере алады.

Қоғамның Даму бағдарламасының мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша пайымы, миссиясы, Қоғамның бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттерді сақтауға сәйкес Қоғамның құндылықтары мен даму перспективалары (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары);

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам тап болатын және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-қатерлер және олар бойынша шешімнің ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, мәселелер, шешімдердің сабақтастығы);

4) конкурса қатысушы ұсынатын Қоғамның даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Қоғамның Даму бағдарламасы PowerPoint форматында көлемі 10 слайдтан аспайтын презентация түрінде рәсімделуі керек.

Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

**Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне тапсыру қажет, мекенжайы: Мангилик ел, 8, 11 кіреберіс, Министрлер үйі, 643-каб., телефоны: 8 (7172) 74-27-25, 74-20-38, 74-19-16, 74-24-26.**

\_\_\_\_\_ (уәкілетті орган)

Өтініш

Мені «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының \_\_\_\_\_ бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Директорлар кеңесінің \_\_\_\_\_ лауазымына іріктеу және тағайындау тәртібінің негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса берілетін құжаттар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Мекенжайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.

3-қосымша

Білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың  
ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ  
ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК  
кандидата на должность первого руководителя организации образования

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /  
фамилия, имя, отчество (при наличии)

лауазымы/должность, санаты/категория  
(болған жағдайда/при наличии)

ФОТО  
(түрлі түсті/  
цветное, 3x4)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Туған күні және жері/  
Дата и место рождения

2. Ұлты (қалауы бойынша)/  
Национальность (по желанию)

3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/  
Год окончания и наименование учебного заведения

4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) /  
Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)

5. Шетел тілдерін білуі /  
Владение иностранными языками

6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) /  
Государственные награды, почетные звания (при наличии)

7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) /

Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда) /  
/Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

9. Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/  
Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, по результатам аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании»

#### 10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері /должность, место работы, местонахождение организации  
қабылданған/приема  
босатылған/увольнения

\_\_\_\_\_  
Кандидаттың қолы/  
Подпись кандидата

\_\_\_\_\_  
Күні /дата

#### **4-қосымша**

*(2024 жылғы 12 қыркүйектегі өзгерістермен,  
№ 2 сырттай дауыс беру шешімі)*

### **Қоғамның Даму бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар**

Конкурсқа қатысу үшін кандидаттар Қоғамның Даму бағдарламасын ұсынады, оның мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша пайымы, миссиясы, Қоғамның бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттерді сақтауға сәйкес Қоғамның құндылықтары мен даму перспективалары (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары);

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам тап болатын және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-қатерлер және олар бойынша шешімнің ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, мәселелер, шешімдердің сабақтастығы);

4) конкурсқа қатысушы ұсынатын Қоғамның даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Қоғамның Даму бағдарламасы PowerPoint форматында көлемі 10 слайдтан аспайтын презентация түрінде рәсімделуі керек.

**5-қосымша**

**140008, Павлодар қаласы, Ломов көшесі 64, «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми жұмыс және зерттеулерді коммерцияландыру жөніндегі Басқарма мүшесі -проректор бос лауазымына конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы, ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесінің болуы;

білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

қазақ, орыс, шет тілдерін меңгеру (ағылшын тіліне артықшылық беріледі);

менеджмент саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының, оның ішінде жоғары білім және ғылым саласындағы сапа менеджменті және корпоративтік басқару жүйесінің болуы;

«Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамасының болуы артықшылық болып табылады.

**Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:**

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

**Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген нысанда көлемі 3x4 түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

4) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;

- шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті

**ҚҰЖАТТЫ РҰҚСАТСЫЗ КӨШПРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

*Осы құжат «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды*

орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі, сондай-ақ өзара тану және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданысына енетіндер;

- "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес денсаулық жағдайы туралы № 075/Е медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды), құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген;

7) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат;

10) қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;

11) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы презентация түрінде ресімделуі керек, оның көлемі PowerPoint форматында 10 слайдтан аспайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүргізіледі.

**Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Торайғыров университеті» КЕАҚ ұсыну керек. Мекенжайы: Павлодар қ., Ломов көшесі 64, \_\_\_ кабинет, телефон: \_\_\_\_\_.**

**6-қосымша**

**140008, Павлодар қаласы, Ломов көшесі 64, «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Стратегиялық даму, халықаралық ынтымақтастық және цифрландыру жөніндегі Басқарма мүшесі-проректор бос лауазымына конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы (ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD), профиль бойынша доктор дәрежесінің болуы артықшылық болып табылады);

білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

қазақ, орыс, шет тілдерін білу (ағылшын тіліне артықшылық беріледі);

менеджмент саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының, оның ішінде жоғары білім және ғылым саласындағы сапа менеджменті және корпоративтік басқару жүйесінің болуы;

"Болашақ" бағдарламасы бойынша оқудың болуы артықшылық болып табылады.

**Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:**

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

**Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген нысанда көлемі 3x4 түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

- 4) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;

- шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің

көшірмелері қоса беріледі, сондай-ақ өзара тану және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданысына енетіндер;

- "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес денсаулық жағдайы туралы № 075/Е медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды), құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген;

7) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат;

10) Қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;

11) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы презентация түрінде ресімделуі керек, оның көлемі PowerPoint форматында 10 слайдтан аспайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүргізіледі.

**Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Торайғыров университеті» КЕАҚ ұсыну керек. Мекенжайы: Павлодар қ., Ломов көшесі 64, \_\_\_ кабинет, телефон: \_\_\_\_\_.**

**7-қосымша**

**140008, Павлодар қаласы, Ломов көшесі 64, «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жастар саясаты және әкімшілік қызмет жөніндегі басқарма мүшесі-проректор ос лауазымына конкурс жариялайды.**

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;  
білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;  
қазақ, орыс тілдерін меңгеру;

ғылым кандидаты немесе докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесінің болуы артықшылық болып табылады;

тиісті салада біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болуы және менеджмент саласында қосымша білімнің болуы артықшылық болып табылады.

**Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:**

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

**Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген нысанда көлемі 3x4 түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

4) салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;

- шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен зертханалар "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші Қазақстан Республикасының азаматтарына берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі, сондай-ақ өзара тану және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданысына енетіндер;

- "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес денсаулық жағдайы туралы № 075/Е медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды), құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын мерзімде берілген;

7) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салынбағанын растайтын құжат;

10) қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы.

11) ғылым және жоғары білім саласында менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Қызмет бағыты бойынша жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы презентация түрінде ресімделуі керек, оның көлемі PowerPoint форматында 10 слайдтан аспайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүргізіледі.

**Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Торайғыров университеті» КЕАҚ ұсыну керек. Мекенжайы: Павлодар қ., Ломов көшесі 64, \_\_\_ кабинет, телефон: \_\_\_\_\_.**





